

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні



www.ustaz-martebesі.kz

ҰСТАЗ

ustaz_martebesі@mail.ru

ustaz.martebesі.kz

ustaz.martebesі

6+

№9 (394)
2022
3 наурыз

МӘРТЕБЕСІ

Республикалық қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-көпшілік газет

ОБЛЫС ӘКІМІ КӨКТЕМНІҢ БАСЫН АРДАГЕР ҰСТАЗДАРМЕН КЕЗДЕСУДЕН БАСТАДЫ



«1 наурыз күні Алғыс айту мерекесі аясында М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде білім беру саласына елеулі үлес қосқан ардагер ұстаздарға арналған арнайы кабинет ашылды. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ұрпақтар сабақтастығын жалғап келе жатқан ардагер ұстаздармен кездесіп, арнайы кабинеттің ресми ашылу рәсіміне қатысты», - деп, ақпарат таратты Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі. Бүгінгі күні өңірде 5 мыңнан аса білім саласының ардагері болса, оның 1867-сі Қызылорда қаласында тұрады.

Алдымен облыс әкіміне облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова кол-

ледж базасында техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы кешенді жұмыстардың нәтижесін тізбеледі. Жаңадан ашылған кабинет білім беру мен тәрбие жұмысында ардагерлердің келешекте белсенді атсалығысып, тәрбиелік мақсатта кеңестер өткізуіне қолайлы етіп жабдықталған. Сала ардагерлерінің жұмыс тарихынан фотокөрме қойылып, құрмет бұрышы әзірленген.

Басқосу барысында аймақ басшысы қазыналы карттарға ілтипат білдіріп, Алғыс айту күнімен құттықтап, ардагерлердің парасаты мен тәжірибесін кейінгі ұрпаққа насихаттау жұмыстары ұдайы түрде дәріптелетінін айтты.

- Жаңару айының алғашқы күні құрметімізді

ұстаздан бастайық деген игі оймен заманауи үлгідегі кабинетті ашып отырмыз. Бұл кабинет ардагер ұстаздар бас қосып ақылдасатын, келелі ой, зерделі сөз айтатын орталық болады деп сенемін. Ізгілікке толы сіздердің тәжірибелеріңіз, асыл қасиеттеріңіз бен гибратты ғұмырларыңыз жастарға үлгі деп білемін», - деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Шара соңында облыс әкімі ардагер ұстаздармен пікір алмасып, білім саласын жетілдіру мен саналы ұрпақ тәрбиелеу төңірегінде әңгімелесті. Ардагерлер өз тарапынан білім саласының бүгінгі беталысын бағамдап, өз ұсыныстарын ортаға салды.

«Ұстаз-ақпарат»

Мерекелік құттықтау

Аяулы әріптестер!
Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!



Бүгінгі қоғамда нәзік жандылар сан түрлі саланың қыр-сырын меңгерген. Әсіресе, білім саласында ұлағаттылықтың ұлы жолын таңдаған ұстаздар қауымында – нәзік жандылардың алар орны ерекше.

Бұл сөзіміңіз бір ғана дәлелі, қазіргі таңда білім саласында 56 мыңнан астам ұстаздар қызмет етсе, солардың 78,3 пайызын нәзік жандылар құрайды. Бұл дегеніміз әйел-ұстаздардың еліміздің ең басты байлығы адами капиталын дамыту жолында, яғни өскелең ұрпаққа білім беру жолындағы белсенділігі, беделі мен мәртебесінің көрінісі.

Расында, болашақ ұрпақтың бойына саналы білім нұрын құйып жүретін жауапты да ұлағатты еңбек иелері - ұстаздар қауымының қашанда орны бөлек, тұғыры биік.

Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз, аяулы арулар!

Осы орайда бүгінгі мереке күні өз тарапымызdan ағарту саласының ақ самалы ардагерлерін, келер кезеңнің тұғырына ие болатын тұлғаларға бар болмысымен білім беріп, алтын ұяларымыздың жүрегі мен тірегіне айналған нәзік жанды ұстаздарды құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре бергейсіздер!

Ақзира ҚАСЫМОВА,
Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы

ИТТЕРДІҢ БІР КҮНДІК ТАМАҒЫ 2 МЫҢ ТЕҢГЕ

А.Д. ЕЛІМІЗДЕ КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ ҚАНДАЙ?



Өткен жылы Қызылорда облысында қанғыбас иттің кесірінен өлім жағдайы тіркелді. Құтырған иттен қаза болған жағдай Жаңақорған ауданында болған. Сондай-ақ, сол жылы Сыр елінде 284 ит пен 52 мысық адам денесіне жарақат салған. Абырой болғанда, бақылауға алынған мақұлықтардың бойынан құтыру фактісі анықталмаған. Адам өміріне қауіп төндірген мақұлықтар иесіз емес. Өкініштісі сол, ит өмірдегі иттердің иелері үй жануарын асырауда жауапсыздық танытып жатады. Иттер көбіне мектеп жасындағы балалардың балағына жармасу дерегі жиі кездеседі екен.

Неміс халқы 2002 жылы «Жануарлар құқығы» деп аталатын арнайы заңды алғашқылардың бірі болып қабылдаған. Бұл мемлекетте әр жануарға жауапкершілікпен қарамаған қожайын әкімшілік жазаға тартылып, айыппұл арқалайды. Егер олар итті көшеге қараусыз шығарып тастаса, 25 мың евро көлемінде айыппұл төлейді. Бұл заңға ұқсас бізде де заң қабылданған. Әйтсе де бізде жағдай басқаша. Төрт аяқты мақұлықтың иесі айыппұлдан жалтарып, аяқ астынан «жеті қазынадан» безіп, өз итін «өзектен» тебеді.

Жалғасы 3-бетте



«20 МИНУТ КІТАП ОҚЫ» Оқушыларды қалай қызықтыруға болады?

Бүгінде басты мәселелердің бірі – жастар арасында кітап оқуды жолға қою. Өйткені, технология мен техника дамыған заманда смартфонға секунд сайын үніліп, тесіле телміріп қарау әдетке айналған. Осыған қарап-ақ, қолдан да, қалтадан да түспейтін телефонға деген тәуелділіктің артқанын айқын аңғаруға болады. Оған қоса, әлеуметтік желінің әлеміне еніп, ғаламтордың тұтқынына айналу рухани жан дүниенің мешел болуына алып келеді. Сондықтан, өркениеттің жалына жармаса алу үшін қарекет етіп, тиісінше кітап оқу қарқынын үдету қажет. Жалпы, біз бұл сөзімізбен «жастар кітап оқымайды» деп айтудан аулақпыз. Оқитындар бар, тек соны жалпақ жұрт бірдей қолға алса жақсы болар еді. Сондай-ақ, әлеуметтік желінің де тигізер пайдасы бар, тек желіге де желімдей жабысудың қажеті жоқ екенін ескерген жөн. Сондықтан, ақылына ақы сұрамайтын кітаптың көмегі көп екенін ескеріп, мейлінше жиі оқуды жоспарлаған дұрыс-ақ.

Сонғы уақытта «жастар неге кітап оқымайды?» деген сауал көп қойылып, осы ахуал төңірегінде талай пікір айтылған еді. Оған жауап біреу ғана. Яғни, ақпараттық технологиялардың белең алуы деп қарастыруға болады. Көбінесе, жастар әлеуметтік желіге әуес болып, дайын дерекке ғана сүйеніп, жан-жақты ізденуді жолға қоймаған. Соның салдарынан кітап оқуға құлық танытпай, құлшынысы сол күні жоғалады. Осы орайда, құндылықтардың құнын екселеп беріп, баланың қызығушылығын оятуда ата-ана мен өз ортасы маңызды рөл атқарады. Кезінде Зере де Абайдың зерек бо-

луы үшін жастайынан зейінін ашпап па еді? Шоканның тәрбиесіне де әжесі Айғанымның араласқаны бәрімізге мәлім. Осылайша, бала кезінен батырлар жырына қанығып өсіп, тағлымды әңгімелерді санасына сіңіре білгендер тау тұлғаға айналып, жанпақ жұртқа кемеліне келген кемеңгер ретінде танылды. «Отбасы – өнегелі болса, Отан – кемел болады» демекші, ата-ана өзі де кітап оқып, баласының да кітап оқуына ықпал етсе білімі толысқан жастың елінің ертеңі болары сөзсіз. Сайып келгенде, кітаптың – тәрбие құралы екенін де қаперде ұстаған абзал. Өйткені, баланы қандай да бір шығарманы талдау барысында-ақ тәрбиелейді. Мәселен, сол арқылы дұрыс пен бұрыстың, ақ пен қараның аражігін ажыратуға бейімдеп, даракылықты емес даналықты бойына сіңіре алады. Надандықтан арылуға жол сілтеп, сауатты болуға септігін тигізеді. Ойлау жүйесін дамытып, сөз саптауын қалыптастыра алады. Міне, асыл қазынаға айналған кітаптың құдіреті осында.

Жалғасы 4-бетте





ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАҚТЫҒЫСЫ

Қоғамда қызу талқыға түсетін екі мәселе болса, соның бірі – қалайшылық қоғамдық көлік проблемасы. Көпшіліктің көкейіндегі уақыт интервалы мен маршруттың кешігуінен бөлек, тасбақа жүрістен танбайтын жүргізуші мен желмен жарысып жүретін «шумахерлердің» көлік жүргізгендері желіде жиі сыналады. Тәртіпке бағынбай көлік тізгіндеген жүргізушілерді тәртіп тегісінен өткізу үшін өңірдегі тәртіп сақшылары 21 ақпан 2 наурыз күндері аралығында «Автобус» профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Жол көлік оқиғаларының алдын алу, оның ішінде қоғамдық көліктердің жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында өткен профилактикалық іс-шара барысында бірқатар заң бұзушылықтар анықталған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қыз-

метінде өткен брифингте облыстық полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Бақыт Молдабеков айтып берді.

- Шараның алғашқы күнінде жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын қоғамдық көлік иелері тарапынан 470 жол көлік ережелерін бұзу дерегі анықталды. Мәселен, жолаушылар тасымалдау қағидаларының талаптарын, еңбек және демалу тәртібін бұзғандар, көлік құралын тиісті рұқсатсыз жабдықтағандар, рейс алдындағы тексеруден және міндетті техникалық байқаудан өтпегендер, көлік құралын басқару кезінде ұялы телефон пайдаланғандар, маневр жасау қағидаларын бұзғандар болды,- деді Бақыт Ибадуллаұлы.

Сонымен қатар, көлік бақылау инспекция қызметкерлерімен бірлесіп жо-

лаушыларды заңсыз тасымалдаудың 16 дерегі анықталған. Сондай-ақ, атқарушы органдармен бірлесіп автобустар мен таксилердің санкцияланбаған 8 тұрағы жабылды.

Биыл жыл басынан бері қоғамдық көлік жүргізушілерінің арасында бір жол-көлік оқиғасы тіркелген. Нәтижесінде, 1 адам жарақаттанған. Ал, былтыр жыл көлемінде автобустар арасында 900 жол көлік оқиғасы орын алып, 6 адам қайтыс болып, 15 азамат дене жарақатын алған.

Жол-көлік оқиғаларының басты себептері жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол ережесін бұзуы. Осыған байланысты жаяу жүргіншілер жол ережесін қатаң сақтап, көшенің қак ортасынан кесіп өтпей, белгіленген орындармен жүруі керек.

Елдос АСАН

АЛҒЫС АЙТУ – ПАРЫЗЫМ

1 наурыз – Алғыс айту күні. Иә, бұл датаның мерекелер қатарына қосылуы бекер емес. Себебі, осы күнде әрбір адамның бір-біріне деген сыйластығы еселене түседі. Қытымыр қыстан аман шыққан ағайын жақындарына алғыс айтып, өкпе-реніштерін ұмытады. Сондай-ақ, бұл мереке тек өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына алғыс айтар күні ғана емес, баланың анаға, шәкірттің ұстазға деген ерекше ілтипаты көрініс табады. Алғыс айтудың өзіндік мәні мен мазмұны бар дейтініміз де сондықтан.

Мектебімізде де бұл күн айрықша сән-салтанатымен аталып өтті. Таңертеңнен ұстаздар мен оқушылардың көңіл-күйін көрсеніз?! Бір-біріне алғау-сыз алғысын айтып, нағыз мейірімділік пен ізгіліктің сезімі байқалғандай. Әр сыныпта мерекеге орай ашық сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар шат-шадыман күйге енді. Мектептің фойесі, дәліздегі жанға жылу – көңілге демеу сыйлайтын түрлі безендіру көздің жауын алады. Бастысы, ұстаз бен шәкірттің нағыз махаббаты сезілді.

Түс ауа жас мамандар концерттік бағдарлама ұсынды. Бір ерекшелігі, бұл сәт мектебіміздің кіші қызметкерлеріне арналды. Үлкенді-кішілі әріптестерге кәсіподақ ұйымы атынан сый-сияпат үлестіріп, өнерпаздар ән



мен биден шашу шашты. Шарада сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Лаура Ақылбайқызы ұжымды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, ізгі лебізін білдіріп, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі бойынша жүлдегер атанған оқушылар мен жетекшілерін марапаттады.

Мерекелік думан мұнымен біткен жоқ. «Жүрек» кейпіндегі персонаж мұғалімдер мен оқушыларға тәттілер

таратты. Бұдан бөлек, армандар орындалатын талға барлығы ыстық ықыласы мен алғыстарын, тілектерін жазды. Ал, жас мамандар қалам мен қағаздарын тазалаушы құрал-саймандарға алмастырып, кіші қызметкерлерге жәрдемдесті. Осылайша шуақты көктемдегі алғашқы мереке жоғары деңгейде аталып өтті.

Еламан ЖАМАТОВ,
№189 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнін
мұғалімі

ЖІГЕРЛІ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ



Жастар – қоғамның қозғаушы күші, ең белсенді бөлігі, яғни жарқын болашақ кепілі, ал, болашақ бүгіннен басталады. Қазақстанды дамыған, алдындағы қатарлы мемлекеттердің арасына қосу жастардың қолында және оларға артылған үміт пен сенім ерек.

- «Жастық шағың – жарқын жастың бейнесі, құтты жастың ала алсаң, жоқ бермесі» деп Сәбит Мұқанов айтқандай, жастық шақ әрдайым қызғалдақ құлпыратын шақ. Бүгінгі жас ұрпақ, ел ертеңі – жастар. Ертеңгі күні ел тағдырын ойлайтын осы жалындаған жастар жетерлік. Ең алдымен білім алып, «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деп, қазақтың бас ақыны Абай айтқандай, еліміздің білім деңгейін биік шыңға көтеріп, қазақ елін әлемге одан ары мойындатса, қазақтан асқан бақытты мемлекет, қазақ елінен асқан бақытты халық болмас...

Міне, ұстаным аясында Сыр жастары да түрлі тағылымды шараларды атқарып келеді.

Қызылордада білімді әрі жалынды жастар аз емес. Сол жастар түрлі шырларды бағындырып, әрқилы белестерден сүрінбей өтіп келеді. Соның бір дәлелі ретінде №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы мекемесінің шаруашылық, медицина және әлеуметтік сала жас қызметкерлері арасында «Жастар FEST – 2022» атты фестивалі болып өтті.

Фестиваль таныстыру, өз өнерін көрсету, топтық көпөнері, пародия, сән үлгісін көрсету сынды бөлімдерден тұрды.

Шараға мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің облыстық салалық кәсіподағының төрайымы С.Тұрсынбаева төрағалық етіп, орталықтың кадр

бөлімі инспекторы А.Баймырзаева мен «Ұстаз мәртебесі» газетінің жауапты хатшысы А.Әділжанұлы қазылық жасап, әділ бағаларын берді.

- Еліміздің ертеңгі болашағы, бүгінгі жастар осы кездесуден ой түйіп, өзінің өмірлік бағытын таңдай білсе, келешегіміз кемел болаарына сенім мол. Бұл кездесу – әр жасқа ерекше серпін беретін, болашағына даңғыл жол салатын игі іс деп есептейміз. Жалындаған жастардың парызы – еліміздің абыройын асқақтатып, беріліп отырған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, тың идеяларды жүзеге асыру. Үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, ел дамуына үлесімізді қосу,- деді А.Әділжанұлы.

Фестиваль қорытындысы бойынша медицина саласының жас қызметкерлері I орын алса, II орынды әлеуметтік және шаруашылық сала жастары иеленді. Бастауыш кәсіподақ ұйымы қатысушыларға сый сипаттарын табыс етті.

Сыр бойы өзінің дүлдүл ақындарымен, ерен батырларымен мақтана алады. Сол сияқты, барлық істе көшбасшы болып жүрген №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы жастары да мақтауға тұрарлық. Өздерінің ұшқыр ойымен, ұйымдастыру қабілетімен ақ жаулықты аналарымыз бен ардақты ардагерлеріміздің алғысын алып жүрген жандар. Бойында ыстық қаны тулаған, кезіндегі ел қорғаған батыр бабаларымыздың рухты, мызғымас жігері бар азаматтар. Осындай көш бастар жастары барда бұл мекеме тек үлкен шыңдардан ғана көрінетініне сенеміз.

Қ.ӨМІРБЕК

ҰСТАЗ-АҚПАРАТ

ЖАСУША ОЙЛАП ТАПҚАН ҚАЗАҚ

ҚР БҒМ Молекулярлық биология және биохимия институтының ғалымы Бақытжан Әлжанұлы геномды редакциялау көмегімен I типті қант диабетін емдеуге арналған бірегей жасушаларды ойлап тапты. Бұл жасушаларды трансплантациялау ұйқы безіне инсулин өндіруге ғана емес, сонымен бірге оның денегі деңгейін өз бетінше реттеуге мүмкіндік береді. Болашақта құрылым науқас пациенттердің безіне трансплантацияланады.

- Біздің бұл әдісіміз бірегей болып есептеледі. Жасуша геномын өңдеу үшін қолданылатын CRISPR технологиясын пайдалана отырып, біз инсулин синтезіне жауап беретін ұйқы безінің жаңа жасушалық тізбегін жасадық. Нақты түсіндіріп өтсем, алынған жасушалар ерекше сипатқа ие, яғни жарықтың әсерінен олар инсулин деңгейін жоғарылатуы немесе оны төмендетуі мүмкін. Негізгі мақсатымыз I типті қант диабетін емдеудің заманауи тәсілдерін табу болды. Атап айтқанда, өзінің табиғи инсулинін шығаратын жасушалық терапияны табу болды,- деп айтты Б.Әлжанұлы.

Бүгінгі таңда әлемде I типті қант диабетін емдеу әдісі жоқ, пациенттер тек инсулин терапиясы бойынша емделеді. Қазіргі уақытта дүниежүзі ғалымдары трансплантациялауға болатын жасушаларды әзірлеумен айналысып жатыр. Қазақстандық биотехнолог өз жұмысында бұрын-соңды ғылымда қолданылмаған бета-клеткаларды алу әдісі арқылы бірегей нәтижелерге ие болған.

- Дифференциация және геномды редакциялау әдістерін біріктіру арқылы осындай нәтижеге қол жеткіздім. Бұл қорытындының бірегейлігі мен өзге әдістерден артықшылығы осында. Дифференциация – бұл адамның бағаналы жасушаларын ағзадағы кез келген органның жаңа жасушаларын алу үшін материал көзі ретінде пайдалану әдісі. Зерттеу кезінде бағаналы жасушалардан өңделген геномы бар ұйқы безінің жасушаларын алдық. ДНҚ-ны редакциялау әдісі – бұл гендік инженерия, ДНҚ-ның жеке құрылымдық элементтерін өзгерту. Яғни бұл жерде біз алынған ұйқы безінің жасушаларынан бірегей қасиеттерге қол жеткізгеніміз туралы айтып отырмыз. Дәлірек айтқанда, жасушалар инсулин деңгейін өз бетінше реттей алады. Бұл – әлемде алғаш рет ойлап табылған әдіс,- деп түсіндірді ғалым.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДА 97 МЕДАЛЬ

XVIII Халықаралық Жәутіков олимпиадасында қазақстандық оқушылар 97 медаль жеңіп алды. Оның ішінде, 13 алтын, 21 күміс, 63 қола медаль. Жеңімпаздар Astana IT University @astana_it university және ҚБТУ @kbtu_official сияқты жоғары оқу орындарының атаулы сыйлықтары мен білім беру гранттарына ие болды. Халықаралық Жәутіков олимпиадасы ҚР БҒМ қолдауымен Республикалық физика-математика мектебінің базасында өтті.

Биыл халықаралық Жәутіков олимпиадасына қатысушылардың рекордтық саны, дәлірек айтқанда, әлемнің 21 елінен 1200-ге жуық жоғары сынып оқушылары қатысты. Олардың қатарында Қазақстан, Түркия, Ресей, Румыния, Норвегия, Үндістан, Болгария, Грузия, Вьетнам, Индонезия, Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Өзбекстан және т.б. елдер бар. Зияткерлік жарысқа Қазақстан атынан 200-ден астам оқушыдан құралған 32 команда қатысты.

ҚАЗАҚСТАН БОЛОН ПРОЦЕСІ БАҚЫЛАУ ТОБЫНЫҢ ТЕҢ ТӨРАҒАСЫ

Қазақстан бұл ұсынысты қабылдап, Чехиямен бірге Болон процесі бақылау тобының (Bolonga follow-Up Group – BFUG) тең төрағасы болып бекітілді. Еліміз 2022 жылғы 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында тең төрағалық етеді. Сондай-ақ Қазақстан келесі жылдың басынан бастап BFUG басқарушы кеңесінің құрамына (BFUG Board) кіреді.

- Қазақстанның BFUG-ға тең төрағалық етуі бұл жоғары жауапкершілік әрі еліміздің халықаралық деңгейде мойындалуын білдіреді. Болон процесінің құрамына 48 мемлекет кіреді, олардың ішінде Швейцария, Франция, Ұлыбритания, Испания, Италия және т.б. елдер бар. Ал Қазақстан бірінші білім беру процесінің мүдделерін білдіру туралы ұсынысы еуропалық білім беру жүйесінде қазақстандық жоғары білім жүйесінің беделінің артқанын көрсетеді,- деді ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Қазақстан Болон процесі бақылау тобының тең төрағасы ретінде шетелдік әріптестермен күш-жігерді біріктіру мақсатында жоғары білім саласындағы өзекті мәселелерді халықаралық деңгейде талқылауға бастамашылық студі көздеп отыр. Оның ішінде бейресми, педагогикалық білім беруді дамыту, білім сапасын бағалауды қамтамасыз ету, сонымен бірге Орталық Азия кеңістігінде Болон процесінің озық тәжірибесін тираждау мәселелері бар.

Қазақстан 10 жылдан астам уақыт бойы Болон процесінің толыққанды мүшесі болып келеді. Оның параметрлері жоғары білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізілді.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ



ИТТЕРДІҢ БІР КҮНДІК ТАМАҒЫ 2 МЫҢ ТЕҢГЕ

АЛ, ЕЛІМІЗДЕ КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ ҚАНДАЙ?

Быттыр ветеринария басқармасы облыс қазандығынан 54 млн. теңге қаржы сұратып, 23020 қаңғыбас ит пен 1803 мысықты аулап, көзін жойған. Оның ішінде 10452 ит пен 500 мысық Қызылорда қаласында нысанға ілінген. Десе де, сала мамандарының айтуынша, облыс бойынша биыл 56000 бас ит пен мысық тіршілік етуде. Бұл цифрды мамандар үй-үйді аралап жүріп шығарған. Тізімге ілінбеген қаңғыбастар саны өз алдына! Тізімге ілінбеуінің себебі, елде қаңғыбас ит пен мысықтарды есепке алып, арнайы дерекқорға енгізу заңда қарастырылмаған. Биыл жауапты органдар оқшылықтың орнын толтыру үшін қаңғыбастарды есепке алатын арнайы база жасауды көздеп отыр. Десе де, бұйрыққа сәйкес база 2023 жылдың 1 қыркүйегінде толық өз жұмысын бастайды. Жылда тұрғындарға қауіп төндіретін төрт аяқты мақұлықтың көзін жойса да, қаңғыбас иттен келер қауіп көп.

Хош, АҚШ-та 1976 жылы бүкіл итті қадағалау қағидасы бекітілген. Бұл қағида тұрғындардың бәріне ортақ. Оларда қаңғып жүрген иттерді мамандар ұстап алып, тексеріп, ауруы болса емдеп, көше кезіп жүрген жануарларға арналған баспаналарға тапсырады. Сол жерден полиция офицерлерінің көмегі арқылы иттердің қожайындары іздестіріліп, қолдарына табысталады. Қараусыз қалып, «қаңғыбас» деген айдарды аркалап жүрген мақұлықтардың «бағына» орай биыл бұл қағида Қазақстанда да жүзеге аспақ.

- «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» 2021 жылғы ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына қол қойылды. Яғни, «қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою» деген сөздер «жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды» ұйымдастыру сөздерімен ауыстырылды. Осы ретте ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірге «жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру» үлгілік қағидалары әзірленуде, - деді Қызылорда облысының ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Әнуарбек Дәрмағамбетов.

Дәлірек айтсақ, енді елімізде заңға сәйкес биылдан бастап қаңғыбас ит пен мысықты аулау және жою жұмыстары жүзеге аспайды. Оның орнына «Жана қағида бойынша көшеде қаңғырып жүрген ит ауланып, көлікте ұсталып, сол маңайда иесін іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Иесі табылған жағдайда ит иесіне қайтарылады. Ал, иесі табылмаса, итті қанажайға, яғни ит қамайтын орынға жеткізіледі. Мұнда мамандар тағы да иесін іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Егер иесі табылмаған жағдайда 5 күн күтіп-ұстап, залалсыздандыру жұмысы жүргізіліп, ұрықсыздандырып, қайтадан ауланған жеріне жеткізіледі. Сондай-ақ, қоғамға өте зиян, агрессивтік түрдегі және ауру жануар болатын болса, ол 5 күннен кейін жойылуға жатады», - дейді Ә. Дәрмағамбетов.

Қызу талқыға түскен бұл тақырыпқа орай қоғамда қараусыз қалған жануарларға қамқорлық көрсетіп, қолдайтындар да, керісінше қарсы топ та табылуда. Өкініштісі, өңірде тастанды болған төрт аяқтыларды уақытша ұстайтын арнайы орын жоқ. Ал, заңдағы өзгерістер 2 наурыздан бастап жүзеге асуда. Енді кімге қалай есеп беріп, қалай алдайтын екені бі?

Сала мамандарының сөзінше, заңға сәйкес арнайы уақытша ұстау орнын салу, яғни қанажайдың сметалық құжаты мен құрылысына бас-аяғы 259 млн. қаржы қажет. Одан бөлек, жануарларды аулау, оны күтіп-ұстау, яғни акушерлік қызметі, арнайы автокөлік, коммуналдық қызметтерге 238 млн. теңге және аулау қызметін атқаратын персоналдың айлығы, одан бөлек жануарларға қараушы, аспаз, фельдшер, тағы басқа қызметкерлердің өзіне 164 млн. теңге керек. Сонымен қатар «Қағида бойынша иттердің бір күндік тамағы 2 мың теңге деп есептелген, оның ішінде ит бір мезгіл тамақтанады, ал мысықты екі мезгіл тамақтандыру көзделген» дейді мамандар. Енді мына қызықты қараңыз, елімізде биыл зейнеткерлердің ең төмен мөлшері 46302 теңге болып белгіленді, егер бұл соманы айына бөлсек, Қазақстанда зейнеткерлер күніне 1543 теңге 40 тиын жұмсауы керек, ал қазақстандық иттер үшін - 2000 теңге. Ал, базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 36018 теңге. Тісінше әрбір адам айына 1200 теңге 60 тиын жұмсау керек. Кімнің күнкөріс деңгейі жоғары: адамның ба, иттің бе?

Мына санға көз салсаңыз, шығынды өз қолымызбен жасап отырғандаймыз. «Аудандар мен қала бойынша күтіп-ұстау мен тамағына 30 бас итке бір жылға есептегенде 21 млн. 900 мың теңге жобамең кетеді. Жалпы құны 684 млн. теңге деп есептеп отырмыз. Бұл ойға қонымсыз қаржы, дегенмен осындай қаржы керек. Бұл жобалық есебі, әзірге нақты емес, - дейді облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Әнуарбек Дәрмағамбетов.

Расында, санаға сыйымсыз сандар. 30 ит үшін жылына 22 миллион теңгедей шығындалғаны өз алдына, быттыр облыста 23020 қаңғыбас ит пен 1803 мысықты аулап, көзін жойғаны еске алсаңыз, төбе шашың тік тұрады. Қызылордада тек иттер мен мысықтар өмір сүретіндей түңіліп кетесіз. «Осының бәрі Тараздағы бір иттің әуресі. Одан да ақылға сиятын заң шығарса қайтеді?» деп күйінеді қаланың кей тұрғындары.

Тастанды болған төрт аяқтыларға жеке адамдар да қызмет көрсете алады. Теңдер арқылы, яғни қаңғыбас ит пен мысықты уақытша ұстауға орын дайындап, толық қызмет көрсетуге қауқарлы болсаңыз, мемлекеттен қаржы ала аласыз. Бұл заңда қарастырылған.

Осы ретте айта кету керек, жаңа заң бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өзгерістер енгізу көзделген. «Жануарларға қатыгездікпен қарау» деп аталатын 316-бапта жануардың мертігуіне алып келген қатыгездікпен қарау 120 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 120 сағатқа дейінгі мерзімде қоғамдық жұмыстарға тартуға не 30 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады. Бұл жерде «қаңғыбас иттерді қорғауды желеу етіп, мемлекет қаржысы теңдер арқылы талан-таражға түспесе екен» деген қауіп те жоқ емес.

Елдос ЕРБОЛУЛЫ

Басы 1-бетте

Сауалнама

Қаңғыбас иттерді жою керек пе әлде қорғау керек пе?

Қаңғыбас иттер мен мысықтарға қатысты ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою» деген сөздер «жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды» ұйымдастыру сөздерімен ауыстырылды. Бұл қаншалықты дұрыс? Өзекті мәселеге қатысты өңір тұрғындарының арасында сауалнама жүргізілді.

Майя ИРГАЙБАЕВА, зооветеринар

Еліміздегі «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» 2021 жылғы ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңымен танысып шықтым. Жаңадан енгізілгені отырған өзгерістерді қуана қабылдадық. Дегенмен, заңда көзделген талаптарды орындау үшін мемлекет тарапынан бақылау күшейтілуі және халық арасында түсіндірілу жұмыстары жүргізілуі қажет деп санаймын.

Дәл қазір қаңғыбас ит пен мысықтарды аулау тоқтатуына байланысты халық арасында түсініспеушілік, наразылық туындауда. Сондықтан заң жобасын қарауды жылдамдатып, тезірек іске асыруды қолға алу керек деп есептейміз. Себебі, біз онсыз да осы мәселе бойынша өзге елдерге қарағанда артта қалып келе жатырмыз. Өзге елдерде, мысалы, Түркия елін алып қарасақ, қаңғыбас ит пен мысықтардың көшеде тамақтануы үшін арнайы орындар жасақталған. Олар есепке алынып, жыл сайынғы міндетті вакцина салынады, олардың қауіпсіздігі және суық күнде жаурамау үшін, тіпті банктерге кіре беріс есіктерін түнгі уақытта ашып қояды. Мемлекетіміз осыдан үлгі алу керек деп ойлаймын.

Біз қазақ мысықтарға сақтықпен қарайтын, қарғысынан қалудан қорқатын, кез келген жағдайда обал-сауапты білетін еліміз. Өзге шет елдерді мысалға келтірмей-ақ, Қазақстанның өзге облыстарын алсақ, бәрінде қаңғыбас жануарларға арналған қабылдайтын баспана бар. Тек біздің облысымызда жоқ. Осы жағдай мені көп ойландыратын. Соның әсерінен әлеуметтік желі арқылы хабарландыру беру, өзін секілді ойлап, өзін секілді осы мәселеге алаңдайтын команда жинақтадым. Қатарымыз күннен күнге көбюде. Осы орайда айту керек біздің басты мақсатымыз, мақсатымыз иттерге баспана ашу емес, қаңғыбас ит пен мысықтарды болдырмау, жергілікті халықты жануарларға деген ой-пікірін өзгерту, аяныш сезімін ояту, жануар алдындағы жауапкершілігін сезіндіру. Ең бастысы, адамдар жауапкершілікті сезіне қаңғыбас ит пен мысықтар болмас еді. Біз халықты мейірімді болуға, зорлық зомбылыққа қарсы тұруға, адами қадір-қасиеттерін жоймауға шақырамыз.

Мақсатқа орай қалай қол жеткіземіз? Әрбір тұрғын үйісі

жануарды көргенде тамақтандыруға, жол-көлік оқиғасына тап болған немесе медициналық көмек қажет болған жағдайда қасынан өтіп кетпеуге, өз үйіндегі жануарлардың, яғни асырап отырған ит пен мысықтарына уақытылы стерилизация мен кастрация жасатуға, ескелерін салдыртуға үгіттеу арқылы қол жеткізуді көздейміз.

Жаңа заңда қаңғыбас ит пен мысықтарды азайту үшін стерилизациялау негізгі қағидасына кіреді және оны жергілікті ветеринариялық клиникалар арқылы жүзеге асыру және біз секілді бастамашыл топтардың бастауымен құрылып жатқан жеке баспана арқылы жүзеге асыру көзделген. Бірақ, қойылатын талаптар бар. Оның ішінде, талапқа сай жылы жер болуы керек. Операция жасайтын арнайы білімі бар ветеринар болуы міндетті.

Бұл заң аясында қараусыз жүрген ит пен мысықтардың одан әрі көбеюінің алдын алу мақсатында залалсыздандыру, яғни ұрықсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Одан әрі қарай қажетті күтім аяқталғаннан кейін 1 жылға міндетті екі есік салынып, көшеге қайта жіберіледі. Осы орайда көпшіліктің көкейінде «ол қоғамға қауіпті, олар адамға шабуыл жасайды» деген пікір қалыптасқан. Білікті ветеринарлардың пікірінше

Болат НҰРХОЖАЕВ, қоғам белсендісі:

Итті сыртқа бос жіберуге болмайды. Егер оны босататын болса, адам өзімен ертіп, шынжырлап, қарғыбау мен тұмылдырықпен алып жүру керек. Болмаса қорада арнайы тор ішінде бағу керек. Себебі, кез-келген иттен қауіп төнеді. Оны өзіміз де көрдік.

Екі жыл бұрын немеремді ит тістеп, талады. Араша түсіп, итті қолға түсірдік. Мақұлықтың мойнында қарғыбау болғанымен, оның иесін табу мүмкін болмады. Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруда көрсетілгендей, қаңғыбас итті ұстап, оның иесін іздеу дегенді түсіну қиын. Себебі, адамға қауіп төндірмей болмаса жарақат салса, итті ұстап, иесін іздеген жағдайда, иттің иесі мойнына алмайды. Себебі, ол мақұлық үшін айыппұл арқалайтынын анық біледі. Немеремді талаған итті ветеринар мамандарды шақыртып аттырып тастадым. Ал, қарғы бауы бар итті іздеген иесін көргенім жоқ.

Осы жағдайды ескерек отыра, заңға ұсыныс беру керек. Әрбір ит асыраушы итінің қарғы бауына өз мекен-жайын жазып қоюы тиіс. Сол кезде жаңадан енгізілген заңға сәйкес, иттің иесін іздестіру жұмысы ақылға қонымды болады.

Мысалы, бүгін №264 мектеп-лицейінің жанында балалармен



және ғылыми зерттеулерде бұл жануарлардың қоғамға зиянсыз екені көрсетілген. Иттің иесіне немесе көшедегі адамға шабуыл жасау себебі ұйығу кезіндегі жұбын қызғану. Ал, ұрықсыздандырылған итте ұйығу болмайды. Ағзада ұйығу процесі жүрмегенде еркек итте және ұрғашы итте мінез-құлықтың тұрақтылығы байқалады. Адамға шабуыл жасамаса, дені сау ешқандай жұқпалы аурумен ауырмаса ол ит адам баласына басқа қандай қауіп тудыруы мүмкін? Үй жағдайында иесіне шабуыл жасайтын иттердің себебі де осы. Себебі ағзада ұйығуға сұраныс оянады. Бірақ ит байлаулы тұр. Сол себептен ызадан иесінен алады. Кейде иелерінің иттерге қатыгездік танытуы өкінішке орай кездесіп тұрады. Жайшылықта адам өзі итке агрессия көрсетпесе ит өзі бастап шабуыл жасамайды. Ит өзін езі қорғау үшін ғана шабуыл жасауға барады.

бірге алты ит жүр. Осы алты ит оқушыларға қауіп төндірмейтініне кім кепіл? Бұл жерде итті асыраушы тұрғындарда жауапсыздық көп. Ауылдағы секілді, итті мал қоруга босатып жібергендей, иттерін сыртқа шығарып жібереді. Бұл ауыл емес, қала. Сол итті адам қапқан жағдайда, оның иесі мойындамайды. Сол себепті, қаңғыбас итті ұстап, иесі анықталмаған жағдайда қоғамға қауіпсіз болса да, көзін жою керек.

Мақұл, қаңғыбас ит қорғалды дейік. Ал, адамды, балаларды иттен кім қорғайды? Менің немеремнің басына ит 7 см болатын тыртық қалдырды. Тамағын орып жібергенде жағдай қалай болатын еді? Құдай сақтап, аман қалды. Ал, басқа жағдай болғанда, иттің иесін мен қайдан табамын? Сол себепті, заңдағы өзгерістерді бір бағытта қарамау керек. Итті асыраушы адамның да жауапкершілігін күшейтуді заңмен белгілеу керек.





БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУ

балаларға арналған кітап
сатып алумен өлшенбейді



Өскелең ұрпақтың ой-өрісінің кең, білімінің баянды, ойынның орнықты болғаны орынды. Әйтпегенде, телефонға телмірген заманда тәуелділік артып, рухани құндылықтың көзі жойылатыны анық. Сондықтан жас буынның санасы сарабалдан тартпасы үшін таным-көкжиегін кеңейтуге осы бастан қарекет ету қажет. Сонда ғана басты жарға ұрар қателіктердің алдын алып, олқылықтарға орын бермесіміз хақ. Асылында, әрбір бала егеменді еліміздің ертеңі екені белгілі. Сондай-ақ, тұғырлы тәуелсіздігіміздің тірегін берік етер, ұлттың болашағы болатын да балалар. Демек, баланың келешегіне көп алаңдауымызға негіз бар. Осы орайда, жастайынан сауатты болуға жетелеп, парасат биігінен көрінуіне ықпал ететін ата-ана тәрбиесі мен көрнекі кітап десек артық айтқандық емес. Сайып келгенде, баланың тәрбие тін тарқатып алмай, бағытын бағдарлап, ойлау жүйесін дамытуына жол ашатын әдебиет әлемі болмақ. Олай болса, жас жеткіншектердің кітапқа деген қызығушылығы қандай? Ал, балалар әдебиетінің бүгінгі хал-ахуалы ше? Осы төңіректе топтасқан мәселелерді талдап көрелік.

Қазіргі таңда балалар әдебиеті көңіл көншітерліктей әлі де дұрыс жолға қойылмай келеді. Өйткені, толымсыз тұстары көп талқыланып, соңғы уақытта жиі талданып жүр. Осыған орай, 2021 жыл – балалар әдебиетін қолдау жылы боп бекітіліп, бытыр бір шаралардың ұйымдастырылғаны белгілі. Сонымен қатар, балалар ақындары жеткіншектерге ішкі жан-сарайын түзетіп, мәдениеттің мәнін ұғынарлық тағылымды туындыларын тарту еткен болатын. Бұрын жас буын Сапарғали Бегалиннің, Қадыр Мырза Әлінің және Мұзафар Әлімбаевтың шығармаларын бас алмай, жастап оқитын. Ал, қазір әдебиеттің осы саласына шоғырланғысы келетін ақын-жазушылар қатары сирек көрінеді. Бәлкім, баланы қызықтыра алмау және талғамын топшылай алмау секілді қобалжулардың басымдығынан болар. «Балалар тақырыбына қалам тербеу сәл қиындық тудырады. Өйткені, балалар әдебиетінің негізі – шынайылықтан құралады. Яғни, олардың жас еркшелігіне сәйкес шығарма жазу барысында әр сөзді сүзгіден өткізіп, баланың көзқарасымен көріп, санасымен сіндіріп, түйсігімен түйсініп барып екшеп жазу керек» деді балалар ақыны Ерженіс Әбді. Сондай-ақ, ақын жеткіншектерге қысқа да нұсқа жазылған, бірақ айтар ойы терең, мағынасы мәнді әңгімелер ұсыну керектігін айтып өтті.

Жалпы, кітап жеткіншектерді жақсылыққа жетелеп, рухани кемелденуіне септігін тигізетін асыл қазына. Осы тұста, балалардың әдебиетке қызығатынын, кітап оқуға деген ынтасы зор екендігін анық аңғаруға болады. Сондай-ақ, бала мен кітап арасында берік байланыс орнатып, кітап оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында түрлі шаралар өткізілуде. Осындай жүйелі жұмыс пен оңды нәтиже облыстық Ә.Тәжібаев атындағы балалар әдебиеті бөлімінен бай-

қалады. «Балалар әдебиеті бөлімі 2-14 жасқа дейінгі балаларды қамтиды. Біз жас ерекшеліктеріне байланысты кітаптар аламыз. Мәселен, жылына 1500-2000 жуық кітап әкелінеді. Негізінен, жылына 7085 оқырман келеді. Ал, жалпы келуші балалар саны – 50675» дейді балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Маржанкүл Айгиснинова.

Кітап сөрелері танымдық энциклопедиялар, арнайы ғылым салаларына арналған таңдаулы кітаптар, ертегілер, тілге жеңіл жазылған, мағынасы мәнді жинақтармен толыққан. Яғни кез келген жеткіншек көңілі қалаған кітабын алып оқуына мүмкіндік бар. Сонымен қатар, қазіргі заман талабына, баланың талғамына сай суреттермен берілген, әуенмен әрленген кітаптар да кездеседі. Аталған бөлімде балаларға қатысты бірқатар шаралар ұйымдастырылып, үйірмелер жұмысы жалғасып, біршама жобалар қолға алынып, бүгінде өз жемісін беруде. Мәселен, мұнда «жылдың үздік оқырманы» жобасы жүргізіледі. Яғни, әрбір бала жылына 15 кітап оқуды мақсат етіп, оны оқып, пайымдап ғана қоймай, түсінгендері бойынша бейнеролик жолдап немесе эссе жазып, сурет салады. Нәтижесінде, балалар түрлі номинациялармен марапатталады. Мұның өзі баланың кітапқұмар атануына жасалған қарышты қадам болмақ. Кітапкеміргіш атанбаса да, белгілі деңгейде алдына мақсат қойып, жоспарлы түрде жүзеге асыруға тырысып бағады. Нақтырақ айтсақ, талаптанған балаға бұл да бір үлкен жетістік деп білемін. Сонымен қатар, облыстық кітапханада «Еркетай балалар алаңы» ашылмақ. 2 зонадан тұратын бұл алаңда балалар кітап оқуын жалғастырады және қалаған уақытында демалып, сергіп алады. Бұл алаң алдағы наурыз-сәуір айында ашылады деп жоспарлануда. Демек, балалардың алаңсыз демалып, білімін жетілдіруге жағдай жасалынған деген сөз. Бөлім меңгерушісі М.Тұрғынбайқызының айтуынша, 8 жастағы балаларды ертегілер мен арнайы кітапшалар қызықтырады екен. Ал, 9-14 жасқа дейінгі балалар фантастика жанрына көп көңіл бөліп, поэзияны жақсы оқиды екен. Сондай-ақ, жасөспірімдер тарапынан шетел әдебиетімен қатар С.Мұратбековтің, М.Әуезовтің, Б.Момышұлының әңгімелеріне қызығушылық жоғары екенін жеткізді.

Сонымен, балалар әдебиеті – әдебиеттің кенже қалған саласы. Енді ғана кең қанат жайып, өркендеп келе жатқаны көпке мәлім. Алдағы уақытта, белгілі тараптардан қолдау болып жатса, жаңғырып, жандана түсетініне шүбә жоқ. Сайып келгенде, жас буынды қалың ұйқының құрсауынан да, рухани тоқыраудың тоғысынан да тысқары етіп, мейлінше көп кітап оқуына назар аудару қажет. Зердесіне көпті тоқыған, зейіні ашылған әрбір жастың зерек атанатынын айтпаса да түсінікті. Ал, мұндай кемеліне жеткен жасөспірімнің көсегесі көгеріп, келешегі жарқын болары айдан анық.

З.ҚОНЫСЖАН



«20 МИНУТ КІТАП ОҚЫ» оқушыларды қалай қызықтыруға болады?

2020 жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Осы орайда, аталған жоба аясында мектеп кітапханаларын қажетті кітаптармен толықтыру көзделіп, оқушыларды кітап оқуға баулу мәселелері қарастырылды. Нәтижесінде, кітап оқу дағдысы қалыптасып, жоба бойынша жоспарлы шаралар жүргізілуде. Бүгінде облысымыздағы алдыңғы қатарлы №3 ІТ мектеп-лицейі барлық оқушылардың кітап оқуына айрықша ден қойған. Мектеп ұжымы кітапқұмар жастардың санын арттыру мақсатында арнайы жобаны қолға алған.

- Коворкингте «Рухани қазына» деген үйірме жұмыс істеп тұр. Белгілі топ ғана кітап оқығанымен, бүкіл мектепті қамту қиын болды. Сондықтан барлық оқушы кітап оқуы үшін «Алтын кітапты» ұйымдастырып, оқуға құштар оқушыларды анықтап отырмыз,- дейді жоба жетекшісі Ерженіс Әбді. Білім ордасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «20 минут кітап оқы» акциясы басталған. Белгілі уақыт аралығында 5-7 сыныптар



жалқаулыққа жар бермей, кітап оқуға деген құлшынысты оятуға септігін тигізді» дейді 7 сынып оқушысы Арман Файзуллин. Тағы бір айта кетерлігі, әр апта жеңімпазы болған оқушылар жыл соңында өзара сайысып, «Алтын кубокке» біржолға ие болады. Ұлы ақын Абайдың шығармаларын қызыға оқитын Арман алдағы уақытта да оқуға олқылық танытпай, жеңіс тұғырынан көрінетініне сенімді. Әлбетте, тосыннан қойылар сауалға тосылмай жауап беріп, шығарманы баяндап, әр кезеңдегі сыннан сүрінбей өту шығарманы беріле оқыған адамға ғана тән екені ақиқат. Сондықтан жас буынға сәттілік тілейміз.



Айзат Рақыштың «Ақ арман алдамайды», ал 8-10 сынып оқушылары үшін Айгиз Баймұхаметовтің «Тастамашы, ана» шығармасын оқу ұсынылған. Е.Әбдінің айтуынша, балаларға шығарманы оқуға екі апта уақыт берілген. Яғни олар 20 минут мектепте, кейін оқуын үйде жалғастыра алады. Осылайша, шығарма мазмұнымен таныс болған соң, арнайы сауалнамаларға жауап беріп, тапсырмаларды тиісінше орындауы тиіс. Соның негізінде, рейтинг қорытындысы жарияланып, белсенділік танытқан шәкірттер марапатталады. Айта кетейік, апта жеңімпаздарына ауыспалы «Алтын кітап» кубогі беріліп, жүлделі орын иегерлеріне бағалы сыйлықтар табыс етіледі.

Қысқасы, мектеп басшылығының қолдауымен, ұстаздардың бастамасымен басталған игі іс өз жемісін, айтарлықтай нәтижесін беруде. Яғни, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы артып, бастысы көкейге тоқып, түсініп оқитындардың қатары көбейген. Осындай көптеген оқушылардың арасынан суырылып шығып, жүзден жүйрік атанып, кубокке ие болғандардың бірі 7 сыныпта оқиды екен. «Бізге Айзат Рақыштың «Ақ арман алдамайды» атты шығармасын оқу ұсынылды. Берілген уақыт аралығында шығарма мазмұнымен толықтай таныс болдым. Түсінгенім де көп. Үйде кешкілік уақыты кітап оқуға арнаймын. Жалпы бұл жоба

Асылында, балаға «кітап оқы» деп айтпаса бұрын алдымен ата-ана, мектептегі мұғалім өзі кітап оқуы тиіс. Осыны негізге алған мектеп ұжымы бұл мәселенің де түйінін тапқан. «Біз балалардан бұрын кітапқұмар мұғалімдердің сайысын ұйымдастырдық. Яғни, ұстаздар С.Асылбекұлының «Мұғалімдер күні. Әдебиет пәнінің оқытушысы» кітабын талдап, талқылады. Қорытындысында жеңімпаз анықталып, сыйлықтар табысталды. Алдағы уақытта да бұл игі іс өз жалғасын табады» деді Ерженіс Әбді. Оқуға деген ынтаны күшейтуде алға қойылған мақсаттардың марадымы екені көңіл қуантады. Бала мен кітап арасында берік байланыс жасалып, мұғалім де қадағалау жұмыстарын жүргізіп, ата-ана тәлім беріп отырса, әр оқушының көзі ашық, көкірегі ояу тұлға болып қалыптасатыны айдан анық.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, тұтас ұлттың қасиетке ұшырамауы – сауаттылығына байланысты. Сондықтан бұл мәселеге салғырт қарамай, керісінше жоғарыда айтып өткен жобалардың жалғасқаны ләзім. Жастардың да жарыса кітап оқып, кітапханалардың тұрақты оқырманына айналуы құптарлық іс.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



Ұстаз — ана, ұстаз — шұақ, ұстаз — мейірім

Қармақшы ауданы, Төретам кентінде орналасқан №85 орта мектептің жас мамандары Алғыс айту күнінде өздеріне тәлім берген ұстаздарға рақметін айтып, халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Біз барлық әйел ұстаздарды келе жатқан аналар мерекесімен құттықтай отырып, жас ұстаздардың апайларға арнаған жазбаларын жариялап отырмыз.

Мұғалім — тұғырлы тұлға



Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі — ұстаз. Ұстаз қазақ баласы үшін қашаннан қасиетті де қадірлі. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Осы орайда, бойыңа бар асыл қасиетті жиған, шәкірт жанын түсінер нағыз ұстаз Нұржамал Темірқызы Әбетованы мақтанышпен айтар едім.

Нұржамал Темірқызы 1987 жылы жоғары оқу орнын бітіріп, еңбек жолын Қармақшы ауданына қарасты №121 мектептен бастаған. Содан соң «Ертістік» балабақшасына балабақша тәрбиешісі болып жұмысқа қабылданып, еліміз қызмет атқарған. 2005 жылы Төретам кентіндегі №85 орта мектепке физика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылданған. Сол жылдан бастап Нұржамал апайым қазіргі күнге дейін жұмыс жасап келе жатыр. Осы мектепте қаншама бала тәрбиелеп, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, биік шыңдардан көрінуіне атсалысып келе жатқан ұстаз.

Нұржамал апай мектепте сабақ берумен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. 1995 жылғы балаларды 5 сыныптан бастап өз тәрбиесіне алған оның талай түлегі ұстазының ізін қуып, физика пәнінің мұғалімі атанды. Мектеп оқушыларын аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға дайындап, өз еңбегінің жемісін көріп келе жатқан ұстаздардың бірі.

Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған ұстаз ғана өз еңбегінің жемісін көре алады. Осы орайда Нұржамал апайға еңбек жолыңызда білімді шәкірттеріңіздің саны көбейе берсін дегім келеді.

Асылзат ҚОСЫМҒАЛИЕВА,
биология пәнінің мұғалімі

ҰСТАЗЫМ — ҰЛАҒАТЫМ

Ұстаздық жолымдағы ақылшым Бейбіт Жақсылыққызы Уразбаева 1966 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында, Ғани Мұратбаев ауылында көп балалы диканшы отбасында дүниеге келген. Арман жетегінде жүрген жан қалаған оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, педагогикалық еңбек жолын 1992 жылы қыркүйек айында қазіргі Нұр-Сұлтан қаласындағы №4 Жамбыл Жабаев атындағы қазақ мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. Аталған ұжымда 1992-1995 жылдары жұмыс жасап, 1995 жылдан бастап Қармақшы ауданы, Төретам кентіндегі №85 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1996-2002 жылдары аралығында жас мамандарға тәжірибесін бөлісіп, білгенін үйрете жүріп, бастауыш сынып мұғалімдерінің бірлестік жетекшісі болса, 2002-



2018 жылдары мектеп директорының бастауыш сыныптар оқу-тәрбие ісінің орынбасары, 2018-2019 жылдары әлеуметтік педагог қызметтерін атқарды. Бүгінде — 2 баланың сүйікті анасы, 5 немересінің ардақты әжесі.

Қадірлі ұстаз 30 жылдық еңбек өтілінің 27 жылын №85 орта мектепте қызмет етіп, абырой биігінде өткізіп келеді. Бейбіт Жақсылыққызының алдынан ұшқан шәкірттері ұстаздық жолын тандап, қазірде Қазақстанның түкпір-түкпірінде жұмыс жасауда. Ұстаз мерейін үстем еткен шәкірттері Мақпал Жайлашова №80 мектеп гимназияда үздік бастауыш сынып мұғалімі болса, Арайлым Жұбанышова Алматы облысы, Қордай ауданында мектепте биология пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде.

Көркем МҰРАТБАЙ,
бастауыш сынып мұғалімі

Болашақтың білім нәрін сепкен жан

Ұстаз — әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Жаңашылдыққа жаны құмар, ұрпақ тәрбиелеуде қажырлы еңбек етіп келе жатқан ұстаздың бірі — Гүлмира Есбергенова. Бүгінде бастауыш сынып мұғалімі Гүлмира Есбергенованың ұстаздық жолында еңбек еткеніне 35 жыл. Осы жылдары 8 сыныпты жоғарғы сыныпқа аяқтандырған екен. Шеберлігін шындап, біліммен жетілдірген шәкірттері



өздері тандаған саласында қызмет атқаруда. Ұстанымы — жаңалыққа ұмтылу, қасиеті — талапшылдығы. Әр оқушының бойынан жақсылық тауып, белгілі бір дәрежеде білім беруде өткізген әрбір сабағы, ақыл-көнісі үлгі. Сондай шәкірттерінің бірі — Айгүл Құдайбергенова Ақтөбе қаласында «Халық банк» қызметкері, қаржы бөлімінің бас есепшісі.

Қазірде Гүлмира Есбергенованы педагог-сарапшы.

Ол заман ағымына қарай жаңартылған оқу бағдарламасының тиімді жағының көп екендігін, соның ішінде жеңілден күрделіге қарай берілуі және пән бойынша сабақтастық жүзеге асу керек екендігі туралы айтып отырады. Болашақ жас мамандарға «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім» деген ұсынысын білдірді. Гүлмира апайдың алдағы арманы — білімді оқушыларды, мықты жас мамандарды дайындауға өз үлесін қосу.

Гүлдана ТӨРЕЖАН,
бастауыш сынып мұғалімі

ҰСТАЗ — ҰЛЫ ЕСІМ



Бұл күнде «ұстаз» деп педагогикалық білімге ие болып, жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын, білгенін үйретпекке құштар, оқушы санасына сәуле болатын мамандық иесін айтса керек-ті. Әңгімеміздің басты кейіпкері, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің қаусар бұлағынан сусындатып, жүрегінің жылуын, нұрлы ақылы мен ыстық қайра-

тын, телегей-теңіз білімін аяулы да қымбатты шәкірттеріне арнаған ұлағатты ұстаз Лаззат Алханқызы Жакипова жайлы болмақ. Лаззат Алханқызы 1961 жылдың 22 қаңтарында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Екпінді бөлімшесінде дүниеге келген. 1968 жылы №166 мектептің 1-сыныбына барған ол 1978 жылы №194 Сунақата орта мектебін бітірген. 1979 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне қабылданған. 1984 жылы оқу орнын бітіріп, Қазалы ауданының «Бозкөл» совхозындағы №96 орта мектепке математика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын жұбайы екеуі бірге бастаған.

Ұстаздың алдынан сабақ алған шәкірттері қазірде мем-

лекетіміздің өркендеуіне үлесін қосып, еңбек етуде. Апайдың кәсібилігі өз алдына, шәкіртіне деген ерекше мейірімі мен дархан пейілінің арқасында қай оқушының болмасын, жүрегіне жол таба білетін асыл тұлға. Асылында, ұлтымыздың ұлы ұстаздары Ахмет Байтұрсынов пен Ыбырай Алтынсариннің қалыптастырған «ұстаз» деген ұлы ұғымға дақ түсірмей, абыроймен атқарып жүрген абыройлы ұстаздың бірі деп Лаззат Алханқызын айтуға болады.

Лаззат апайыма ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Сөзімді «Ұстаз, сенің алдында бас июге рұқсат ет» деген өлең жолдарымен түйіндеймін.

Жанар ҚАРМЫСАҚОВА,
математика пәнінің мұғалімі

Ұстаз — мектептің жүрегі

«Мектеп — білім тірегі, ұстаз — оның жүрегі» деген нақылдың үлкен мәні бар. Баланың болмысына ата-анадан кейін ақыл-ой, адамгершілік, әдеп пен ар-ұятты бала бойына сіңіретін ұстаз екені анық. Сондай ұстаздың бірі — қажырлы еңбегімен, ыстық ықыласымен білім алушылардың жүрегінен орын тапқан орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Дина Малкаждар Жүнісова.

Д.Малкаждарқызы 1966 жылы Төретам кентінде дүниеге келіп, 1974 жылы Ленинск қаласындағы №222 орыс мектебінде білім табалдырығын аттаған. Дина ұстаздың бала кезінен сыныптастарына көмек беруге құштар екенін байқаған бастауыш сынып мұғалімі Наталья Сергеевна «Дина, сен мұғалім болуға қайымсың», — деп шабыттандырған. 4-сынып оқып жүріп мектеп пионері, оған қоса «Совет друзей октября» председателі атанып, Ленинск қаласындағы «Оқушылар са-



райында» сурет салу сыныбында қосымша төрт жыл білім алған. 1984 жылы Ақтөбе қаласына дизайнерлік мамандығын 2 жыл оқып, 1991 жылы қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша аяқтады. Ұстаздық жолын Қызылорда қаласындағы №140 мектепте бастаған ол Төретам кентіндегі №80 мектепте жалғастырды. №85 мектепке 2018 жылы ауысып келді.

Д.Малкаждарқызының облыстық, республикалық жарыстардан орын алып келген шәкірттері қазірде жеңістерінің жемісін көріп отыр. Шәкірттерінің көкірегіне шуақ шашып, дарынын аша білген ұстазымызға тек жетістіктер мен шалқар шабыт тілейміз.

Гүлназ АЛМУРАТОВА,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Білімнің нұрын шашқан жан

Мен өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өз уақытын аямай, өзгенің уақытын аялай білген ұстаздардың бірі бастауыш пәні мұғалімі Оспанова Гүлшайым Нұрашқызы жайлы айтпақпын.

Ұстаз деген ұлы мамандықтың төріне шыққан ардақты жан Гүлшайым Нұрашқызы 1966 жылы Жосалы кенті, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Мектепті ойдағыдай аяқтап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтының бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығын бітіріп, ең алғашқы еңбек жолын Ақтөбе ауылында №109 қазақ орта мектепке жұмысқа тұрады. 1998 жылдан бастап Төретам кентіндегі №85 орта мектепке бастауыш пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды. Өмірінің 36 жылын ұстаздыққа арнаған ұлағат иесі өскелең ұрпақты туған жердің тарихымен таныстырып, олардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда аянбай еңбек етуде. Озық технологияны, білім бе-



рудің заманауи әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушы санасына білім нұрын ұялатып, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, терең ойлы шәкірттерді тәрбиелеп келеді. Білім беру саласында жас жеткіншіктердің келешегіне ықпал етіп, сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін алған республикалық марапаттары көп-ақ. Түрлі байқаулардан алған жетістіктері де жетіп артылады.

Гүлшайым Нұрашқызы әрқашан жайдары мінезімен, сабырлы қалпымен жұмыс жасап келе жатқан үлгілі ұстаз. Бір жерде тапжылмай еңбек етіп, өзінің пәнін шәкірт жүрегіне ұялатқан Гүлшайым апайымызға жолдасы Төреген ағай екеуі мәпелеп өсірген ұл-қыздарының қызықшылығына бөленіп, еңбегінің зейнетін көре берсін дегім келеді.

Айнұр АЙБЕРГЕНОВА,
дефектолог педагог

Ұстаз болу мінездің күн шуағы

Жанар Иманзадақызы Дарменова 1966 жылдың 20 қазан айында Қармақшы ауданы Жосалы кентінде дүниеге келген. 1983 жылы Жосалы кентіндегі М.В.Фрунзе атындағы №27 орыс мектебін тәмамдайды. Мінезі ашық жарқын, сабырлы жан Жанар Иманзадақызы мектеп бітірген соң, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түседі. Оқып жүргенде Украинаның Житомир қаласына іс-тәжірибеге өтуге барған. Университетті 1989 жылы бітіріп, өзі оқыған Жосалыдағы М.В.Фрунзе атындағы №27 орыс мектебіне бастауыш сыныптардың орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастаған. 1997 жылдан бастап Қармақшы ауданы Төретам кентіндегі №85 орта мектебінде жоғары сыныптардың орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі болып еңбек жо-



лын жалғастырып келеді.

Өзі тәрбиелеген шәкірттері көп. Мысалы, шәкірттері Ясмин Ахметова мен Айкүнім Кетебаева апайдың ізін қуып, орыс тілі факультетінде білім алып жатыр. Апайдың олимпиада мен ҰБТ-да оқушылары жоғары балл жинап, ұстаздың мерейін шығарып жүр. 2000 жылы Қармақшы ауданында өткен пәнаралық сабақ көрсетуден Жанар Иманзадақызы 1 орын иеленген. Орыс тілінен оқушыларды көп олимпиадаға қатыстырып, жүлделі орын алған оқушысы Жансая Куанышбаеваны ұстазы мақтан етеді. Ж.Иманзадақызы отбасында екі ұл тәрбиелеп отырған аяулы ана, ардақты ене.

Алтын ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
ағылшын тілі пәні мұғалімі



ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инновация дегеніміз – жаңалық енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Олай болса, оқыту үрдісінде инновациялық технологияны пайдалану – өмір талабы. Қазақстанда ең алғаш инновация ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, менгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынды.

Инновациялық қызмет – оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолданудан, бірінші, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, пәнге деген қызығушылығы артады, екінші, оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек.

Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру. Білім, әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл болашаққа апаратын даңғыл жол екендігін айқындау.

Инновациялық әдістер мен элементтерді қолдану педагогтан қабілеттілік пен даярлықты, сонымен қатар кәсіби құзыреттілікке білімдер, іскерліктер, дағдылармен қатар тұлғаның кәсіби құнды сапаларын, оның іс-әрекетін де қарастыруды талап етеді. Оқытушы технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыруы міндеті. Біліміне, біліктілігіне, парасат-пайымына сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі керек. Педагогикалық әдіс-тәсілдердің тың әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы кезеңде, педагогтың жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияға ұштастыруы қажет. Арнайы пәндер арқылы білім беру мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған үлгілік оқу бағдарламалары, оның негізінде дайындалған жұмыстық оқу бағдарламалары, тақырыптық-күнгізбелік жоспарлар, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, тірек-сызба, рефлексия әдістері қолданылуда. Арнайы пәндерден теориялық және тәжірибелік сабақ берудің өзіндік ерекшеліктері бар, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы сол ерекшеліктерді түрлендіріп, жаңаша оқыту бүгінгі күнде қолданыста.

Жоғары оқу орнында оқытудың заманауи әдістерін қолдану мүмкіндігінің негізгі қырларын қарастырайық.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін өз сабағымда төмендегі инновациялық технология элементтерін жиі қолданамын. Олардың түрлері мен ерекшеліктеріне тоқталып өтейін.

Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде



ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде және жоғарылату мақсатында, ізденімпаздық деңгейлерін дамыту үшін қолданылады.

Сың тұрғысынан ойлау технологиясы. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады: 1) ассоциация; 2) бірлестік қызмет; 3) көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша: 1) оқу үрдісінде қызығушылық артады; 2) оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі түрлі білім алатын студенттің ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Денгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Денгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір студент өзінің даму деңгейінде оқу материалын менгергенін қамтамасыз етеді.

Ерекшеліктері: 1) әр студентке өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді; 2) әр түрлі деңгейдегі студенттерге, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 3) деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір студент менгеруі тиіс

ақпараттар жүйесі қамтылады.

Оқытудың ұжымдық әдісі – оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы, яғни топтық жұмыстар. Ұжымдық әдістің ерекшеліктері:

1) жоғары жетістікке талпыну; 2) алынған ақпаратты бір-біріне лезде кідіріссіз жеткізу; 3) студенттер арасындағы өзара көмек және бірлік; 4) тақырып пен тақырыптардың әртүрлілігі.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға сабақта жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын сабақта пайдалану студенттердің оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызығалықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы, оқытушыларды жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Кезеңден оқыту технологиясы. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір студенттің жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ менгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі. Ол студентті қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Дамыта оқыту технологиялары. Л.В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы – танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

Қорытындылай келе, инновациялық білім беруді іскерліктің жаңа түрі деп қарастырамыз. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану, біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттердің пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, студенттер ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі білім алатын студент – ертеңгі жаңа әлем.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
Қызылорда «Болашақ» университетінің
жоғары колледжінің оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
педагог-зерттеуші

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Бруцеллез (Brucellosis) – созылмалы өтетін, іш тастау, шұғы түспеу, эндометрит, орхит және жануарлардың жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру. Қазіргі кезде дүние жүзінде адам мен малдың бруцеллезі кездеспейтін мемлекет жоқ. Бруцеллездің қоздырушысы анықталған уақыттан ветеринария мен медицина ғылымдары осы инфекцияның індеттанулық ерекшеліктерін, клиникалық белгілерін және ауруды балауды зерттеу саласында үлкен жетістіктерге жетіп, осы аурудың әр түрлі жағдайларға байланысты байқалуы мен өтуінің ерекшеліктерін зерттеді. Дегенмен, осы жетістіктерге қарамастан бруцеллезді жануарлар арасында жою мәселесі түпкілікті шешімін таппай отыр. Әсіресе, қойдың бруцеллезі айтарлықтай кең тараған. Ол үлкен экономикалық шығын келтіріп, адамға жұғу қаупін туғызады.

Бруцеллездің адамда байқалатын белгілерін Гиппократ сипаттады, ал жан-жанқты зерттеулер XVIII-XIX ғ. жүргізілді. Ағылшын ғалымдары Ф.Марстон Мальта аралында бруцеллез (мальта безгегі) адамның өз алдына дербес ауруы екендігін көрсетті, ал Д.Брюс оның қоздырушысын бөліп алып, «*Micrococcus melitensis*» деп атады. Даниялық мал дәрігерлері В.Банг және Стриболт ауру қоздырушысын іш тасталынған бұзаудан, ал американдық Траум іш тасталынған торайдан бөліп алды. Бұл микробтар 1918-1920 жылдар аралығында

бір туысқа біріктіріліп, Брюстің құрметіне бруцеллалар деп аталынды.

Бруцеллезді балау. Бұрынғы уақытта бруцеллездің бар-жоғын, өткен жылдардағы бруцеллезге тексерудің қорытындыларын есепке алынады. Айрықша көңіл бөлетін мәселе шеттен әкелінген жануарлар және оны карантиндеу ретінің орындалуы. Соңғы жылдары алынған төлдің санына, аналық малдың іш тастауы мен қысыр қалуына және оның себептеріне мұқият талдау жасалынады.

Клиникалық балау. Қойдың бруцеллезі негізінен ешбір клиникалық белгілерінен өтеді. Жануарлар бруцеллезінің айқын көрінетін белгілері: іш тастау, шұғы түспеуі, шалажансар төлдің туылуы және жыныс жолдарының қабынуы, еннің ісуі, орхит, эпидидимит. Саулықтар буаздықтың 3-4 айлығында іш тастайды. Шұғы түспей қалуы қойларда сирек кездеседі. Қошқарларда орхит, эпидидимит жиі байқалады. Мұндай белгілер байқалғанда сипау арқылы анықтауға болады. Алайда бруцеллезге клиникалық әдіспен қорытынды диагноз қоюға болмайды. Жоғарыда келтірілген клиникалық белгілер басқа ауруларда да байқалуы мүмкін, сондықтан олар бруцеллезге тек қана күдік туғызады. Аса қауіпті инфекция ретінде бұл белгілер байқалғанда ауруды балауға, инфекцияның таралуын тоқтатуға шұғыл шаралар қолдану керек, осы жағдайда барлық тастанды төлдер зертханаға жеткізіліп, бактериоло-

гиялық әдіспен тексерілуі қажет.

Бактериологиялық балау. Ауру малдан бруцеллез өсінін бөліп алу инфекцияның бар екеніне дәлел болып табылады, бірақ басқа нәтижелердің теріс екеніне сенім бере алмайды. Бруцеллезді бактериологиялық әдіспен балау үшін тастанды төлді, қағанакты, сүтті зерттеу ауруды толық анықтауға негіз береді. Қоздырушыны қаннан, жілік майынан, өттен, несептен, сөл түйіндерінен, қақырықтан, жұлын және қынап сұйықтығынан бөліп алуға болады.

Сайдудин реакциясы. Конглотинация құбылысына (феноменіне) негізделген реакциялар басқа да серологиялық әдістермен қатар ауылшаруашылық жануарлар мен адамның инфекциялық және инвазиялық ауруларын балау үшін практикаға ұсынылды. Конглотинация құбылысының мәні алексинделген иммундік кешеннің (антиген-антидене-комплемент) конглотининмен агрегациясында. Конглотинация феноменіне негізделген реакцияларға ККАР, ТКР, СР, УСР, ИКАР жатады.

Ұсақ мал бруцеллезінен таза емес пункттерді сауықтыру шаруашылық субъектісінде қойдың, ешкінің бруцеллез ауруы айқындалған кезде індет ошағындағы барлық мал басы физиологиялық жағдайына, шаруашылық мәніне қарамастан, алынған төлімен бірге тез арада етке союға жіберіледі. Аурудан таза емес пунктте, қауіп төнген аумақта орналасқан ауруға бейім мал басын серо-аллергиялық әдіс ке-

шенімен бруцеллезге тексереді. Егер шаруашылық субъектісінде қой, ешкі арасында ауру жануарлар болмаса, аурудан таза емес пунктте ұсталатын барлық ауруға бейім мал басы бойынша зерттеу барысында қатарынан екі рет теріс нәтиже алынса және барлық санитариялық шаралар орындалса шектеуді алады.

Сау малға індеттің жұғу қаупі төнген жағдайда, оларды вакцинамен егеді. Вакцинаны қолдану тәртібі және содан кейінгі диагностикалық зерттеулер жүргізу нұсқамаға сәйкес шектелуі және шаруашылық субъектісін сауықтыру жоспарында көрсетілеуі тиіс. Бұл жағдайда барлық классификациялық аумақтың қозыларын иммундеуді, оларды алдын-ала тексеру арқылы жүзеге асырады. Барлық жастағы қой топтарын жылдың бір мезгілінде (шілде-тамыз) вакцинамен егеді. Қойларды (ешкі) ұрықтандыру үшін бруцеллезден және жұқпалы эпидидимиттен сау қошқарлардың (теке) ұрықтарын пайдаланады. Кейін олардың аурудан тазалығына бақылауды аулаларда ұсталатын кішірек мал басын (50 басқа дейін) және отардағы (50 бастан артық) барлық мал санының 30%-ы жоспарлы диагностикалық тексеру жолымен жүзеге асырады.

Закира АЛТЫНБАЙ,
«Кәсіби-техникалық пәндер»
бірлестігінің арнайы пән оқытушысы
Қызылорда қаласы,
«Ақмешіт» колледжі



МАТЕРИАЛДАРДЫ ӨНДЕУ

Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары: Заманауи технологиялық машиналарда конструкциялық материалдарды өңдеу бойынша күрделі операцияларды орындау.

Сабақтың мақсаты: Ағаш өңдеу жолдарын көрсете алады. Ағаш өңдеуге арналған машина түрлерін іріктен айта алады. Заманауи технологиялық машиналар арқылы конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу операцияларын орындай алады.

Сабақтың барысы

Педагогтың әрекеті: Психологиялық ахуалды қалыптастыру. Назарларын сабаққа аудару.

Тілдік дағдылар: Мәдениет, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өру, тоқу, ағаш ою, зергерлік, мүсіндеу, бедерлеу, көркем өңдеу, тоқу.

Торсық, ожау, алаша, кілем, көрпе, мүлік, ат әбзелдері.

Мен ... таңдау себебі, ... Мен бұны ... материалдан жасалғанын білдім. Мен ... пайдалы жақтарын білемін. Мен ... материалдар мен құралдарды қолданғанын білдім. Бұл бұйым ... ерекшеліктерден тұрады.

Оқушылардың әрекеті: Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді.

Тілдік дағдылар, тренингі арқылы оқушылар сабаққа қызығушылықтарын арттырады.

Қалыптастырушы бағалау: Бірін-бірі бағалау.

Ресурстар: Оқулықтағы түсініктемелер мен иллюстрациялық суреттер, қосымша тапсырмалар.

Педагогтың әрекеті: Оқушыларға видеосабак көрсетіледі. Тақырыпты бөліктерге бөліп, оқуға тапсырма береді. Топтағы балалар бір мысалды қарастырып, бірге отырып талқылап, өз беттерінше түсіндіреді.

Оқушылардың әрекеті: Оқушылар видеосабакқа байланысты берілген тапсырмалары орындайды. Кітаппен жұмыс жасайды.

Бағалау: Оқушылардың жауаптарына пікір айту.

Ресурстар: Видеосабак, интернет ресурстары, бұйымды көркемдеуге арналған қажетті құрал-жабдықтар.

Педагогтың әрекеті: Кері байланыс.



Оқушылардың әрекеті: Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп, білгендерін еркін айтып жеткізеді.

Ақ қалпақ бәрін жақсы түсінген оқушылар таңдаса қызыл, кейбіреулерін дұрыс түсінбеген, толықтырамын деген оқушылар қара қалпақ сары тапсырманы орындай алмаған, түсінбеген оқушылар таңдап бүгінгі сабақтағы білім деңгейінің қаншалықты нәтижеге жеткендігін көрсетеді.

Бағалау: Оқушылардың жауаптарына пікір айту.

Ресурстар: Алты түрлі түсті қалпақ, видеосабактар, интернет ресурстары. Қосымша ақпарат

Сабақ бойынша рефлексия
Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары жүзеге асырылды ма?

Бүгін оқушылар нені үйренді?
Оқыту ортасы қандай болды?
Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма?
Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?

Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағалау
Ең жақсы өткен екі тапсырманы атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)

1:
2:

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді еді (оқытуға және үйренуге қатысты)?

1:
2:

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымға қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім?

1:
2:

**Махсат ТӨЙШЫБАЕВ,
М.Шоқай атындағы
№187 ІТ мектеп-лицейінің көркем
еңбек пәнінің мұғалімі**

АҚЫН – ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ...

Мені кішкентайымнан әдебиетке баулып, поэзия және проза жанрындағы шығармаларды оқуға ықпал еткен адам, ол – аням. Есімде үйден «Мұқағали Мақатаев» деген ескілеу кітап көргенім. Ұстап алып, парактай бастадым. Сол сәтте анашым қасыма келіп, «Қызым, бұл қазақтың біртуар, сыршыл ақыны – Мұқағали Мақатаев» деді. Содан кейін кітапты қолыма алып, бірнеше өлеңдерін оқып беріп, мағынасын түсіндірді. Маған ең әсер еткен өлең жолдары:

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

Жүректің сырлы сезімінің суретін сөзбен салған, сезім сырларынан өлең өрген ақынның қай шығармасы да жанға жағымды әсер береді. Сонымен, түйіндеп айтқанда, Мұқағали Мақатаев шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. М.Мақатаев жырларындағы қазақтың жері мен суы, тауы мен даласы көрініс тапқандығы өз алдына, өзгеше пайымдау ерекшелігі, өзіндік өрнек салар тілі, шалқыған шабыты сөзге шебер халықтың ұрпағы екенін аңғартады. Ақын өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танымыз. Ол адам болмысын, оның жан-дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды. Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Мұқағали мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді. Осындай ақын ақынның құрметіне орай ұйымдастырылатын мәнерлеп оқу байқауларында өлеңдерін жатқа айтып, жүлделі орындар иеленіп келеміз. Соңғы жаттаған өлеңдерімнің қатарында:

Жасылмен бояп қойған ба?!

Жап-жасыл таудың бөктері

Қырлар да, мынау ойлар да,

Жап-жасыл болып көктеді.

Соғыстың соңғы көктемі.

Соңғы кездері «Есіңе мені алғайсың...»

әнін домбырамен шертіп, тартуды үйреніп жүрмін. Бұл шығарманың мағынасы менің жасым сәйкес келмесе де, Мәдина апамның орындағаны қатты ұнаған болатын.

Ойымды қорытындылай келе, «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали ақынның шығармаларымен сусындауға барлық жас достарымды шақырамын.

**Айару АМАНБАЕВА,
№7 мектеп-лицейінің
6-сынып оқушысы.
Элиза СҰЛТАНОВА, пән мұғалімі**

○ СЫНЫПТАН ТЫС ШАРА

ҚЫЗЫҚТЫ САҒАТ

Мақсаты: оқушылар арасында өзара көмек ұғымын түсіндіру, достықты тәрбиелеу. Математика пәнін үйренуге қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар: 6 «А» сынып оқушыларынан құралған 5 оқушыдан 2 команда.

Біздің бүгін сандардың ғажайып әлеміне ойша саяхат жасап, оның байлығын көре білу және мүмкіндігінше оқушыларды қызықтыру. Бүгінгі ойынға қатысушы командалармен танысуға рұқсат етіңіздер. Әділқазылар алқасын таныстыру.

1 ТҮР. Әдебиеттегі сандар

100. Қазақ халық мақалында қанша құмалақ бір қарын майды бүлдіреді? (бір)

200. Атасы 56 жаста, ал немересі 14 жаста. Неше жылдан кейін атасының жасы немересінен екі есе үлкен болады (28 жылдан кейін)

300. Арыстан 1 қойды 2 сағатта, қасқыр 3 сағатта, ал ит 6 сағатта жеп, тауыса алады. Барлығы бірігіп жегенде қойды қанша сағатта жеп бігіреді? (бір)

400. Наурыз мерекесінде 20 адам би биледі. Ләззат 7 жігітпен, Гүлзат 8 жігітпен, Алмагүл 9 жігітпен, ал Айдана сол мерекеге келген барлық жігітпен би биледі. Мерекеде қанша жігіт болған? (13 жігіт)

Ойлан тап

100. Ноль санын алғашқы ойлап тапқан адам? (Парсы математигі аль-Хорезми) (787-850)

200. Кімді математика королі атаған? (Карл Гаусс)

300. Үнділіктер оны «Сунья», ал араб математиктері «Сифр» деп атаған. Біз оны қазір қалай атаймыз? (0)

400. Егіз сандар деп қандай сандарды айтамыз? (Айырмасы 2-ге тең жай сандар, мысалы: 5 пен 7)

Бөлшектер

100. Бөлшек сызығының үстіне жазылған сан қалай аталады? Бөлшек сызығының астына жазылған сан қалай аталады? (Алым. Бөлім)

200. Бүтін бөліктен және бөлшек бөліктен тұратын сан қалай аталады? (аралас сан)

300. Қандай бөлшек дұрыс деп аталады? Мысал келтір. (Алымы бөлімінен кіші бөлшек дұрыс деп аталады? (Мысалы. 1/2)

400. Бөлшектің негізгі қасиеті қалай айтылады? (Бөлшектің алымын да, бөлімін де бірдей натурал санға көбейткеннен бөлшектің мәні өзгермейді).

Математикалық калейдоскоп

100. Есімдері әр түрлі, жастары бірдей жеті ағайынның есімдерін атаңдар? (апта күндері)

200. Тәуліктің қалған бөлігі өткен бөлігінен екі есе артық болса, қазір сағат неше? (8)

300. Бес жыл бұрын ағасы мен қарындасының жастарының қосындысы сегізге тең болды. Бес жылдан кейін олардың жастарының қосындысы неге тең болады? (18 жас)

400. Үстел үстінде бірнеше кәмпит жатқан. Оны екі анасы, екі қызы және әжесі мен немересі 1 кәмпиттен бөліп алғанда үстелде кәмпит қалған жоқ. Алғашқыда үстелде қанша кәмпит болған? (3)

Төртіншісі артық

100. Төртінші артығын тап: 37; 19; 27; 29. (27)

200. Төртінші артығын тап: қосынды, айырма, бөлінгіш, көбейтінді. (бөлінгіш)

300. Төртінші артығын тап: радиус, центр, төбесі, диаметр (төбесі)

400. Төртінші артығын тап: 381; 555; 265; 117. (265)

2 ТҮР Балалар

100. Үлкен ағасында 2 кәмпит, ал інісінде 12 кәмпит бар. Үлкен ағасы інісінен неше кәмпитті тартып алғанда, әділеттілік орнап, олардың кәмпиттерінің саны теңеледі? (5)

200. Үйде 12 шәшке мен 9 табақша бар. Балалар шәшкелердің жартысын және 7 табақша сындырды. Неше шәшке табақшасыз қалды? (4)

300. Бір бала ас үйде тарақандарды ұстап жүріп, 5-ін өлтірді, ал 3 есе көбін жаралады. 3 тарақанды өте ауыр жаралады және олар жаракаттарынан өліп қалды, ал қалғандары тіріліп кетті, бірақ балаға ренжіп көршілеріне мүлдем кетіп қалды. Көршілеріне неше тарақан кетіп қалды? (12)

400. Әсет пен Азатқа 5 тәтті тоқаштан әперді. Әсет өзінің тоқаштарын 6 минутта жеп қойды да, әр тоқашын 4 минутта жеп жатқан Азатқа қарап, қызғаныштан жындына жазады. Әсет әлі неше минут қызғаныштан жынданатын болды? (14)

Қызықты сұрақтар

100. Қос жегілген аттар 40 км шауып өтті. Әр ат неше км шауып өтеді? (40)

200. 7 ағалы-інінің бір-бірден қарындастары бар. Отбасында барлығы неше бала бар? (8)

300. Қояндар бөренені арамен бөліп жатыр. Олар 14 жерден кесті. Неше бөлік пайда болды? (15)

400. Айболитке көрінуге аңдар келді. Бәрі, тек 2 иттен басқалары. Бәрі, тек 2 мысықтан басқалары. Бәрі, тек 2 қояннан басқалары. Айболитке көрінуге неше аң келген? (3)

Логика

100. Үстелдің бір бұрышы кесіп алынды. Үстелде енді неше бұрыш қалды? (5)

200. Алмұрт алмадан ауыр, ал алма өріктен ауыр. Алмұрт ауыр ма, әлде өрік ауыр ма? (алмұрт)

300. Еменде үш бұтақ, ал әр бұтақта үш алмадан бар. Барлығы неше алма? (еменде алма өспейді)

400. 4 пен 5-тің арасына қандай таңбаны қойғанда 4-тен артық 5-тен кем сан шығады? (үтір)

Сандар

100. Заттарды санау үшін қолданылатын сандар қалай аталады? (натурал сандар)

200. Нөлге және жұп цифрға аяқталатын сандар қалай аталады? (жұп сандар)

300. Қандай сандар жай сандар деп аталады? Мысал келтір (өзіне және 1-ге ғана бөлінетін сандар)

400. Зандылықты анықтап, сан қатарының келесі санын анықта: 0, 3, 8, 15, ? (24)

Көрермендермен ойын:

1. Жөк өзінде бас та, қас та, мойын да, Ұзындығы жазулы тұр бойында. (сызғыш, линейка, а ruler)

2. Түйекүс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг. тартады. Ал, егер екі аяғымен тұрса, қанша тартады? (он екі, двенадцать, twelve)

3. Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді (қалам, ручка, pen)

4. Ел құлағы нешеу? (елу, пятьдесят, fifty)

5. Отыз тістен шыққан сөз – неше рулы елге тарайды? (отыз, тридцать, thirty)

6. Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама (кітап, книга, book)

7. Егер Т-дан бастасаң, санмын Т-ны алып тастасаң жауым (төрт, четыре, four)

8. Уақыт бірлігі. (сағат, часы, clock)

Ойынның нәтижесін шығару. Әділқазылар алқасына сөз беріледі. Жөнімпаздарды марапаттау.

**Айпатша ӨТЕМІСОВА,
№134 орта мектебінің математика
пәні мұғалімі
Қазалы ауданы, Шәкен ауылы.**



«МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚТЫ ТАҢДАУ» КЕЗДЕСУ КЕШІ



Мектебімізде «Информатика, физика және математика» әдістемелік бірлестігі «Нақты ғылым құпиясы тұңғыш, көз жетпейтін мұнарасы тым биік» атты апталық өткізді. Апталық барысында ИФМ бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастырумен 9-11 сыныптардың және былтырғы оқу жылындағы мектебіміздің грант иегерлерінің қатысуымен «Мамандық таңдау – болашақты таңдау» тақырыбында кездесу кеші болды. Оған мектебіміздің грант иегерлері, физика-математика пәнін таңдаған түлектер, қазіргі студенттер және сала мамандары қатысты. Былтырғы оқу жылындағы грант иегерлері биылғы бітіруші сыныптарға кәсіби бағдар беруде және мамандық таңдаудың қыр-сырымен бөлісті. Грант иегерлері қазіргі студенттер ҰБТ-ге дайындық кезінде қандай қиындақтар кездескені және мамандық таңдауда қателеспегендері туралы

өз ойларын және бітіруші оқушыларға өз ұсыныстарын айтты. Қазіргі студенттік өмірлері мен қызықты оқиғалары туралы, мамандықтары жайлы сөз қозғады. Сондай-ақ, жетістіктерге жетуіне мектептен алған білімдері септігін тигізгенін ашық айтты. Осыған орай, олар мектепте біліммен қатар тәрбие берген ұстаздарына алғыс білдірді.

Кездесу барысында 9-11 сынып оқушылары «Ұлттық бірінғай тестілеу» жайлы, мамандық таңдау туралы көкейлерінде жүрген сұрақтарын қоя отырып, еркін пікір алмасты, оқушылар біраз ақпарат ала алды. Мектеп директоры Жаухар Азнабаева және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлмекен Батырбекова кеш соңында түлектерге алғыс білдіріп, бітіруші сыныптарға сәттілік тіледі. Осындай кездесулер жылда ұйымдастырылса, мектеп бітіруші оқушыларға мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыруда, мамандық әлемі туралы ақпарат алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қабылдауына көмегін тигізетін сөзсіз.

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деп Ж.Аймауытов айтпақшы, әрбір жас мамандығын берік таңдап, соған бейім бола алса биік шыңдарды бағындыратыны анық. Осы тұста шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіруде қарымды еңбек ету керек. Сонда ғана мамандығының машақаты көп болса да, таңдауы түскен саласының майталманы атанатыны айдан анық.

Жұпар ЖҮСПИНАЗАРОВА,
№218 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі



Тәуелсіздік қайнарманы

қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлы болды. Кенесары Қасымұлы 1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келіп, 1847 жылы Қырғызстанның Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік – Сеңгір аңғарында шәйіт болды.

Ағасы Саржан сұлтанның жасағында болып, әскери өнерін шыңдаған Кенесары қаншама қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды басты мақсат тұтқанымен, ол отаршылдарға қарсы соғысты бірден бастаған жоқ. Ол бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап, Николай I патшаға, Орынбор генерал-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д.Горчаковке хат жолдады, тиісті талаптар қойды. Ол өзінің Батыс Сібір генерал-губернаторына: «Ақтау, Ортау, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмурын, Өлкейек, Тоғызқатан Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патшаның тұсында тартып алынып, қаптаған бекіністер тұрғызылды. Міне, енді күн сайын жерімізге баса-көктеп кіріп, бекіністер салып, халықтың зығырданын қайнатып отырсыздар. Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, бүгінгі тірлігіміз үшін де қатерлі. Менің тілегім – екі жақтың да халқы мизамшуақ өмір сүруі», - деп хат жолдады. Алайда патша үкіметінен өз талабы бойынша жауап ала алмаған Кенесары Қасымұлы 1837 жылы Петропавлдан Ташкентке бет алған сауда керуеніне шабуыл жасаумен көтерілісті бастады. Басты мақсаты қазақ жерінің дербестігін сақтау, Ресейдің бекіністер салуын тоқтату, Қоқан езгісіндегі қазақтарды азат ету, округтерді жою болды. Осы мақсатта бір орталыққа бағынған мемлекет құрды. 1841 жылы халықтың беделіне бөленген Кенесары хан болып сайланды. Билер сотының орнына хандық сотын енгізді. 1843 жылы қозғалысты басып жаншуға, I Николай старшина Лебедев бастаған жасақ және А.Жантөреұлы мен Б.Айшуақұлы бастаған жасақтарды жіберді. Алайда патша тарапынан келген жасақтар жеңіліске ұшырап, Кенесары Сарыарқадан Ұлы жүзге қарай бет алып, қырғыз манаптарымен қырғыз жеріндегі Кекілік сеңгір деген жерде көтерілісшілерімен бірге өткен соңғы шайқасы еді. Кенесарының қаза табуына, осы шайқаста Ұлы жүздің билері Рүстем мен Сыпатай бөлініп кетуі, сонымен қатар басқа да алауыздық салдары себеп болды.

Міне, биыл Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толды. Қазақ халқымыз үшін үлкен қуаныш, осы күндерді арман еткен бабаларымыз осы жолда қаны мен жанын құрбан етті. Ендеше бабаларымыздың ерен ерліктерін өсіп келе жатқан жас ұрпаққа жеткізу біздің де парызымыз деп білемін.

Г.ДОСАМАНОВА,
Жанқожа батыр атындағы №269 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Темірбек ЖҮРГЕНОВ – 125

Алаш ардақтысы

Ұлтымыздың мақтанышы, Алаш ардақтысы, қазақтың маңдайына біткен қайраткер Темірбек атамыз Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жанаталап ауылының тумасы. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің есімі қазірде иісі қазаққа жақсы таныс. Ол 1898 жылы Сыр елінде дүниеге келген. Тұрмағамбет ұстаздық еткен мектептен сауат ашқан. Оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне мол үлес қосқан сыншы – көсемсөзші. Бүгінде Темірбек атамыздың атында көшелер, мектептер, оқу орындары бар екендігі көңіл қуантады.

Т.Жүргенов – керемет қаламгер, ойы ұшқыр публицист. Оның жазушылық қызметінің өзі том-том кітап дерсің. Ол көбіне әдеби сын мақалалар жазып, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Сонымен қатар орыс, қазақ тілдерін жетік меңгерген. Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілін құрметтей білген азамат. Сонымен қатар, «мемлекеттік тілді, ана тілімізді жетік білуіміз керек деп» тілімізге жанашырлық танытқан. Қазақ өнерінің дамуына қыруар еңбек етті. 1937 жылғы басталған жаппай қуғын-сүргінге бұл кісі де ұшырады. Өзінің артынан аяулы жарын да «халық жауы» деп танып, сегіз жылға бас бостандығынан айырды. Темірбек Жүргенов небәрі 39 жыл жасады. Десек те, қысқа ғұмырында аты алты алашқа белгілі болды.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы білім, мәдениет, әдебиет, өнер саласындағы талантты ұйымдастырушы және мемлекет қайраткері де осы жерлес атамыз болатын. Әрине, біз келешек ұрпақтары, қазақ өмірінің жалғасы Темірбек атамыздың жасаған еңбектерін ұмытпақ емеспіз. Сондай-ақ, өскелең ұрпаққа ұлықтау, дәріптеу – біздің парызымыз. Себебі, асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген құрметі, адалдығы бүгінгі ұрпақ үшін Отанға адал қызмет етудің басты үлгісі болары анық.

Мархабат ШЫМБОЛАТ,
№85 мектептің 7 «Б» сынып оқушысы
Назира ЖАКИПОВА, жетекшісі.
Қармақшы ауданы

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ – ЖАСТАРҒА АМАНАТ



Абайдың шығармашылық мұрасын бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша дамытып, мол қазынасын жас ұрпаққа жеткізуді басты мақсат-мұраты етіп ұстанған Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектебінде «Абайтану» олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтіп, әділқазылық жасауға шақырылды. Олимпиаданың негізгі міндеті – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жас орендердің оқып, мазмұнын ұғынуға, ақын өлеңдерінің мән-маңызы мен қадір-қасиетін түсінуге, қазақ лирикасына енгізген жаңалықтары мен абайтанушылар туралы зерделеуге бейімдеу, грамматикалық және пунктуациялық сауаттылықтарын дамытуға, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруға дағдылану.

Олимпиада кезеңі бойынша келесі тапсырмалар қамтылды. Ең алдымен оқушылар Абай қарасөздері мен поэзиясы негізінде дайындалған тақырыптардың бірін тандап эссе жазса, келесі кезеңдерде «Абай жолы» романынан берілген үзіндіні жалғастырып, өлеңдерінің құрылысындағы ерекшеліктерді анықтап, қазақ поэзиясына қосқан үлестерін айтып таң қалдырды. Нәтижесінде оқ бойы озып, жүзден жүйрік атанған жеңімпаз оқушылар республикалық кезеңге жолдама алды. Өлеңдерінің құрылыстары мен мағынасын ашып ғана қоймай, үзінділерін де нақышына келтіріп оқып, жан жақты дайындықтарын паш етті.

Қорыта айтсақ, қатысушы әр оқушының бойынан ақынның өмірі мен шығармаларына деген қызығушылықты байқап, бойымды қуаныш кернеді. Сондай-ақ, техниканың дамыған заманында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын оятқан, «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбей» ұстанымын ұстанған пән мұғалімдеріне алғысым шексіз.

Мөлдір МЕҢДІБАЕВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, магистр

Мешік несі - ЖК "Аманат"
Бас редактор
Нұрлан КӨБЕГЕНУЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты хатшы: Айдар Сайлауов
Тілшілер: Елдос Асан
Замира Дастанқызы

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».
Шығармашылық үйі

Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет бетіндегі кейбір суреттер тақырыбына сәйкес интернет желісінен алынады.
"Үстаз мәртебесінде" жарық көрген материалдарды көшіріп басқанда, редакцияға сілтеме жасау міндетті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттану және БАҚ саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде қайта тіркеліп, 2017 жылы 9 қаңтарда №16279-Г куәлігі берілген.
Газеттің кезекші редакторы: Айдар САЙЛАУОВ

Газет редакцияның компьютерлік орталығында беттеліп, "ASU" боспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Газеттің басылу сапасына баспаханна жауапты.
Қызылорда қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 90В
Хабарласу тел. 40-06-68
Газет аптасына 1 рет шығалады
Көлемі 2 баспа табақ.
Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Газеттің жазылу индексі: 65035
Таралымы 3700 дана. Тапсырыс: № 315